

**Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының «8D02303 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру» атты диссертациясына ғылыми жетекшінің**

## **ШІКІРІ**

Кез келген қоғамды ақпараттандыру жолдары мен технологиясы әлемнің цифрландырылуына байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бұл үдеріс телевизиялық журналистиканың кәсіби сала ретінде лингвистикалық тұрғыдан дамуы мен қалыптасуына өз ықпалын тигізуде. Тележурналистика тілінің қандай да бір тілдің лексикалық қорын дамытуда, тілік нормасын қалыптастыруда рөлі зор екендігі белгілі. Тілдің табиғи түрде дамуы барысында телевизиялық журналистика секілді белсенді саладағы терминдердің қазіргі қоғамда қалыптасу, жүйелену, біріздену үдерісі қызығушылық тудырады. Докторант Таубалдиев Мейрамбектің тақырыбы телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру мәселесіне арналады. Лингвистиканың күн тәртібінен түспейтін өзекті бағыты терминология мәселесінің қазақ тілі материалында зерттелуі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес қазақ терминологиясына қатысты маңызды міндеттерді орындауға өз үлесін қосады. Докторант тақырыпты өзі таңдап алды. Ұзақ уақыттан бері телевизия саласында жұмыс атқарып келе жатқандықтан тіл теориясын тәжірибемен ұштастырып зерттеу жүргізді. Яғни жұмыстың практикалық бөлімі докторанттың қазіргі жұмысы телеарна алаңында, яғни табиғи түрде тілдің қолданылуымен тікелей байланыста қарастырылды. Докторант зерттеу тақырыбын алған кезден бері жоспарлы түрде жұмыс істеді, ғылыми-практикалық республикалық, халықарылық конференцияларда баяндамалар жасап, отандық, шетелдік журналдарда ғылыми мақалалары өз уақытында жарияланып отырды. Таубалдиев Мейрамбек ғылыми жұмысына тыңғылықты, ғылыми әлеуеті жоғары, қызығушылығы мен жауапкершілігі зор ізденуші ретінде өзін көрсете білді.

Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының «Телевизиялық журналистика терминжүйесін біріздендіру» атты ғылыми-зерттеу жұмысында тележурналистиканың терминологиялық жүйесі қазақ тілі материалында лингвистикалық аспектіде алғаш рет кешенді түрде зерттеліп, оның тілдік табиғаты ашылып, негізгі терминологиялық бірліктері мен қоры анықталды, терминжасам жолдары белгіленіп, түрлері мен үлгілері айқындалды, даму, қалыптасу заңдылықтары дәлелденді. Терминологиялық жүйенің тілді байытудағы атқаратын зор қызметі көрсетіліп, оның тілдік негізі көрсетілді.

Докторант зерттеу жұмысын үш тарауға бөліп қарастырады, бірінші тарауы телевизиялық журналистика терминдерінің жалпы лингвистикалық сипатын айқындауға арналады, бұл тарауда тележурналистика терминдерінің зерттелуі, терминжүйесінің ерекшеліктері, қазақ тілі материалы бойынша терминдердің тақырыптық топтары ажыратылып, тележурналистика


терминдерінің қолданысына статистикалық талдау жасалады. «Телевизиялық журналистика терминдерінің сөзжасамдық жүйесі» деп аталатын екінші тарауда телевизиялық журналистика терминдерінің аударылу жайы, лексика-семантикалық, синтетикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы жасалу жолдары талданады. Үшінші тарау «Телевизиялық журналистика терминдеріне арналған «Qazttermin.kz» электрондық сөздігі» деп аталады. Бұл тарауда жалпы электрондық лексикография түрлері мен маңызына тоқталып, автор өзі құрастырған «Qazttermin.kz» электрондық сөздігін таныстырып, қолданысқа ұсынады.

Жалпы Таубалдиев Мейрамбектің ғылыми жұмысының нәтижелері салмақты көзқарастар мен тұжырымдарға ие. Жұмыста қолданыс тапқан ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерінің сан алуандығы мен орынды пайдаланулары байқалады. Алға қойылған міндеттері орындалып, өз мақсатына жете білді деп есептеймін. Сондай-ақ ізденушінің өзіндік ой-пікірлері мен көзқарастары жұмыста айшықты орын тапқан. Диссертацияны жазу барысында жариялаған мақалалары жұмыстың ішкі тараушаларында кең қарастырылды. Алдына ала құрылған жоспар бойынша әр тарауша бойынша ғылыми мақала жариялап отырды. 1000 нан аса бірлік жинастырып, 230-ға жуық әдебиеттер мен электронды ресурстарды қарап шықты. Тележурналистика терминдерінің қазіргі таңда қолданылу, қалыптасу үдерісін анықтау мақсатында кәсіби мамандар арасында бірнеше сауалнамалар жүргізді. Олардың нәтижесі тақырып мазмұнын ашуға септігін тигізді. Шетелдік іссапарда болып, шетелдік жетекшісі Хаджеттепе университетінің қауымдастырылған профессоры Сема Аслан Демир ханымнан құнды кеңестер алды, университет кітапхана қорынан тақырыпқа қатысты материалдар тауып, жұмысында қолдана білді. Докторанттың ғылыми тілі жатық, зерттеу бөлімдері, тараушаларының арасында логикалық байланыс сақталған.

Аталмыш зерттеу жұмысы тіл біліміндегі, оның ішінде қазақ тілі терминологиясы мен терминографиясының теориялық-практикалық, лексикографиялық мәселелерін шешуге өзіндік үлесін қоса отырып, салалық кәсіби біліктілікті арттыру курстарының әдістемелік құралдарын әзірлеуде, онлайн, электронды сөздіктер жобасын жасауда пайдалануға болады.

Докторант Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының ғылыми докторлық диссертациясы телевизиялық журналистика саласындағы терминдердің қалыптасуы мен біріздендіру мәселесін қазіргі қолданыс негізінде қарастыруға арналған зерттеуде алғашқы кешенді зерттеуге жататындықтан, өзектілігінің мәні зор деп есептейміз. Сондықтан докторант Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлының «8D02303 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аяқталған дербес зерттеу жұмысы деп бағалап, қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

**Отандық ғылыми жетекші**  
**филология ғылымдарының кандидаты**



**М.К. Мамбетова**